

Egemen Qazaqstan. - 2020. - 15 шілде

Күрішбаев А.

Аграрлық ғылым – агроөнеркәсіптің қозғаушы күші

Жуырда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қ.Тоқаев агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін инвестиция мен технологияны тартуға тиіс екенімізді, осыған орай жерді тиімді пайдалану мәселесін фермерлер қоғамдастығымен талқылау қажеттігін айтты.

Өкінішке қарай, біздің кейбір қаладан шыққан фермерлеріміз аймақтық егіншілік жүйені ескере бермейді. Олар мұхиттың арғы жағынан әртүрлі сарапшыларды алып келіп, егін егудің қалыптасқан мерзімін және біздің жағдайымызға бейімделген агротехнологияларды өзгертумен әлек.

Биылғы егін науқанының алдында С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ ғалымдары Қазақстанның негізгі астық өндіретін облыстары үшін көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу бойынша нақты ұсыныстарын әзірледі.

Біз соңғы 23 жылда осы облыстарда жауын-шашынның басым мөлшері жылдардың 24% – маусымда, 48% – шілдеде, 13% – тамыз айында байқалғанын есептедік. Сондықтан, шілдедегі ең жоғары ылғалдылықты ескере отырып, Қазақстанның солтүстігінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясы мамырдың ортасынан соңына дейінгі уақыт қолайлы мерзімге үйлестірілген.

Әрине егер бізде дамыған елдердегідей ауа-райының нақты болжамы болса, ғылыми кеңестерімізді де дәлірек айтар едік. Бірақ, өкінішке қарай, метеоқызмет жұмысының артта қалуынан астық өндірісінде және жалпы еліміздің ауыл шаруашылығында көп мәселелер шешілмей отыр.

Биылғы топырақтың көктемгі ылғалдылығына қарамастан, маусым айында болған құрғақшылық егістікті күйдіріп жіберді. Бірақ ғалымдар ұсынған мерзімде егілген алқаптарда жақын күндері болған жауын-шашын жағдайды біраз оңалтады.

Өкінішке қарай, осы жылы сәуір айының соңында және мамыр айының басында егін себуге асыққан диқандардың өнімдері төмендеу болады, бұл егістіктер құрғақшылыққа ұшырады.

Жалпы, тәуекелді егіншілік жағдайында егін себу мерзімін сәтті таңдау арқылы ғана астықтың өнімділігін бірнеше есе көбейтуге болады. Ал ол миллиардтаған теңге!

Сондықтан біздің Президентіміз Қ.К.Тоқаев ғылымды қаржыландыруды арттыра отырып, өте дұрыс қадам жасап отыр. Бірақ аграрлық саланы күшті ғылыми базамен қамтамасыз етумен қатар, бізге фермерлерді оқыту үшін дамыған елдер үлгісінде білімді таратудың тиімді мемлекеттік жүйесін құру қажет (extension service). Өкінішке қарай, мұндай жүйе бізде әлі күнге дейін жоқ.